

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК б/б «Еркежан»

Топ: Ересектер «Балапан» тобы» (аралас тобы)

Балалардың жасы: 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 27 наурыз-31 наурыз айы 2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 27.03.2023	Сейсенбі 28.03.2023	Сәрсенбі 29.03.2023	Бейсенбі 30.03.2023	Жұма 31.03.2023
Балаларды қабылдау	Қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік, танымдық әрекет).</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. <i>(Коммуникативтік әрекеті).</i>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу: «Түлкі мен қырғауыл». Мақсат-міндеттер: балаларды "Түлкі мен қырғауыл" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, мәтін бойынша кейіпкерлер сөзіне зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. Ертегі желісінің сюжетті суреттерін бояу.	«Ата-аналарға қамқорлық жасау» Ойын мақсаты: елгезектікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Балалар бірнеше қадам қашықтықта педагогке қарама-қарсы тұрады. Педагог кезекпен балаларға допты лақтырып, мынадай жағдайларда қалай қамқорлық жасауға болатынын сұрайды: - анаң ауырып қалды; - анаң жұмыстан шаршап келді; - анаңның көңіл-күйі жоқ; - анаңның шаруасы көп;	Дидактикалық ойын: «Ғажайып кітап». Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын ертегілердің атауларын білдіретін сөздермен байыту. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті. Енбек "Ойыншықтардағы тәртіп". Мақсат-міндеттер: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою.	Үстел үсті ойын: «Лото». Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды топтауға баулу, зейінді, байқауды дамыту. Балалар суреттердің жалпы атаулары бойынша жинайды. Құралдары: ойыншықтар, киім, тамақ және т. б. заттық карточкалар мен топтастыруға арналаған панно-карточкалар. Танымдық дағдылар Енбек-ойын: бөлме	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу «Ән салып, құс келді». Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, олардың көктемдегі мінез-құлқында болатын өзгерістермен таныстыру; жыл құстарының белгілері мен ерекшеліктерін ажыратып, атай білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекеті

	<p>Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, сурет салу – шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті.</p>	<p>- әкеңнің жұмысында қолайсыздықтар болды. Ата-аналарға қалай көмектесуге болатынын ойлап тапқан бала алға бір қадам жасайды, бірінші болып тәрбиешіге жеткен бала жеңімпаз болады. Ойын соңында педагог балалардан өмірлік жағдайда өздері айтқандай әрекет етуді айтады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар</p>	<p>Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Еңбек дағдылары</p>	<p>өсімдіктеріне күтім жасау. Мақсаты: еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін біледі. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекеті</p>	<p>Үстел ойыны: «Суретті жина» Мақсат-міндеттер: балаларды бөлшектерден тұтас жинауға үйрету. Құралдары: төрт-алты бөлікке бөлінген суреттер. Құрастыру-шығармашылық, еңбек және коммуникативтік әрекеттері.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Таңертеңгі жаттығу кешені №15 (27.03-31.03.2023) (дене шынықтыру-ойын әрекеті, қимыл белсенділігі).</p>				
Таңғы ас	<p>Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p>Көркем сөз Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Салт-дәстүр. Наурыз көже Ұлыстың ұлы күні әр үйде пісірілетін жеті дәмнентұратын қасиетті әрі дәстүрлі көже. Бұл көжеден барлық адам ауыз тиюге тиіс және оны әр үй дайындайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) Асын, асын, асына Береке берсін басына. Денге саулық Асқа байлық Аумин!</p>				

	<p>Мақсаты: дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. <i>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету)</i> (тамақтану). <i>(Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті)</i> (кезекшілердің әрекеті). Балалар бір- біріне жылы тілек айта отырып, айтылым дағдысы қалыптасады. Жеке жұмыс: қасықты оң қолына, асты төкпей- шашпай ішуге дағдыландыру. Мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесі</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Көктемнің суретіне қарап әңгімелесу. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі - коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет).</i></p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес өткізіледі.</p>				
<p>3-жас Дене шынықтыру «Арқан үстімен адымдап жүру». Мақсат-міндеттер: қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; 4-жас Дене шынықтыру «Арқан үстімен адымдап жүру». Мақсат-міндеттер: екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және</p>	<p>3-жас Дене шынықтыру «Цирк атлеттерінің сайысы». Мақсат-міндеттер: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. 4-жас Дене шынықтыру «Цирк атлеттерінің сайысы». Мақсат-міндеттер: балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға,</p>	<p>3-жас Музыка Мақсат-міндеттер: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауға үйрету. Музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таныстыруды жалғастыру. Тыңдау ынтасын тәрбиелеу, ширақ және сабырлы сипатын қимыл арқылы көрсету, төмен және жоғары дыбыстарды есту, сезіну. Музыканың үш жанрын білуге және тануға үйрету: ән айту, шеру және би. Педагог жоспары бойынша. 4-жас Музыка Мақсат-міндеттер: балалардың музыкаға</p>	<p>3-жас Музыка Мақсат-міндеттер: барлығымен бірге әнді бастауға және аяқтауға үйрету, барлығымен бір қарқында әнді таза айтуды үйрету. Әннің сөздерін дұрыс және анық айтуға, оның мінезін жеткізуге үйрету (көңілді, қайғылы, ойнақы, әуезді). Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октава диапазонында ән айтуды үйрету. Педагог жоспары бойынша. 4-жас Музыка Мақсат-міндеттер: балаларды әнді мәнгерлеп айтуға,</p>	<p>3-жас Дене шынықтыру «Түрлі жолдармен жүре аламыз». Мақсат-міндеттер: велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу; 4-жас Дене шынықтыру «Түрлі жолдармен жүре аламыз». Мақсат-міндеттер: аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру.</p>	

	жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.	қимылды ойындарға қатысуға тарту.	деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыка тыңдау мәдениетін сақтауды жалғастыру (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау), таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады, тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі. Педагог жоспары бойынша.	созуға, қимылдауға үйрету («ре-си» бірінші октавасы аясында), қысқа музыкалық фразалар арасында дем ала білу. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйретуді жалғастыру, музыкалық кіріспені ажырата білу. Педагог жоспары бойынша.	
2- таңғы ас	Дәруменді таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану. <i>(Мәдени-гигиеналық дағдылар)</i> Тамақтың алды- артында, Қолыңды бала жуып жүр. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. Ас-адамның арқауы! <i>(Көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі – коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету)</i> (тамақтану). <i>(Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті)</i> (кезекшілердің әрекеті). Балалар бір- біріне жылы тілек айта отырып, айтылым дағдысы қалыптасады. Жеке жұмыс: қасықты оң қолына, асты төкпей- шашпай ішуге дағдыландыру. Мәдениетті тамақтануға баулу; әдеп ережесі.				
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, материалдарын таңдайды; серуенде өздігінен нұсқау бойынша әрекет жасайды. Міндеттері: дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік, танымдық әрекеттер, ұсақ моторика, өзіне-өзі қызмет көрсету).</i>				
Серуен	Карточка № 1 1. Ауа райына бақылау. Мақсат: көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын	Карточка № 2 1. Күнге бақылау жасау Мақсат: тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.	Карточка № 3 1. Желге бақылау Мақсат: балалардың көктем мезгіліндегі	Карточка № 4 1. Аспанға бақылау жасау. Мақсат: балалардың	Карточка № 5 1. Қардың алғашқы еруін бақылау. Мақсат: балалардың

<p>салыстыра білуге үйрету. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет)</i></p> <p>2.Еңбек: Топырақты тұқым салуға дайындау. <i>(Еңбек дағдылары)</i></p> <p>Мақсат: еңбектеуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу.</p> <p>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертеңгіні ойластыру.</p> <p>Мақсат: балалардың коммуникативтік дағдылары қалыптасады. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері)</i></p> <p>3.Қимылды ойын: «Қасқыр мен қоян»</p> <p>Мақсат: шапшаңдық пен бейімділікті дамыту. <i>(Дене шынықтыру қимыл белсенділігі)</i></p>	<p><i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет)</i></p> <p>2.Еңбек: Гүл тұқымын топыраққа егу.</p> <p>Мақсат: құрал саймандарды ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері)</i></p> <p>3.Қимылды ойын: «Күн мен бұлт»</p> <p>Мақсат: шеңбер бойында жұппен тұруды жалғастыру, ойын ережесін сақтау. <i>(Ойын, дене шынықтыру қимыл белсенділігі)</i></p>	<p>құбылыстар жайында білімдерін кеңейту желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет)</i></p> <p>2. Қимылды ойын «Қақпақ пен таяқ»</p> <p>Мақсат: ойын ережесін бұзбай ойнай алады. <i>(Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі)</i></p>	<p>көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспаның қыста қандай болатынын қазіргі кезі екенін нақтылау. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет)</i></p> <p>2.Еңбек: Тұқымды қарашірікке отырғызу..</p> <p>Мақсат: топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертеңгіні ойластыру.</p> <p>Мақсат: балалардың коммуникативтік дағдылары қалыптасады. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері)</i></p> <p>3.Қимылды ойын: «Қазым, қазым қаңқылда!»</p> <p>Мақсаты: ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. <i>(Ойын, дене шынықтыру қимыл</i></p>	<p>назарын алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді. Байқампаздықты дамыту. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет)</i></p> <p>2.Еңбек: Терезе алдындағы бақша (суару).</p> <p>Мақсат: өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су, бүрку. . <i>(Қоршаған ортамен таныстыру – зерттеу, еңбек әрекеттері)</i></p> <p>3.Қимылды ойын: «Жүгір-отыр-жүгір»</p> <p>Мақсат: белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. <i>(Ойын, дене шынықтыру қимыл белсенділігі)</i></p>
--	---	---	---	--

				<i>белсенділігі</i>	
Серуеннен оралу	<p>Балалардың бойында ұқыптылық дағдысының қалыптасуынбақылау Балалар реттілікпен киімдерін шеше алады, өз сөрелерін тауып көрсете алады. Әңгіме: «Бірінші курткамызды шешеміз» Мақсаты:балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>				
Түскі ас	<p>Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану. Тамақтың алды- артында, Қолыңды бала жуып жүр. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайын. Ас-адамның арқауы! Көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту,қазақ тілі – коммуникативтік, өзіне-өзі қызмет көрсету(тамақтану. Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті(кезекшілердің әрекеті) Балалар бір- біріне жылы тілек айта отырып, айтылым дағдысы қалыптасады. Астарың дәмді болсын! Жеке жұмыс: қасықты оң қолына, асты төкпей- шашпай ішуге дағдыландыру.Мәдениетті тамақтануға баулу;әдеп ережесі.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет- коммуникативтік,танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру –танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);</p>				
	<p>Әуен тыңдау арқылы ұйықтату «Бөбегім ау, бөбегім!» әні Музыка – шығармашылық әрекет .</p>	<p>Ертегі тыңдау арқылы ұйықтату «Үш көбелек» Музыка – шығармашылық әрекет</p>	<p>«Бесік жырын» тыңдау Музыка – шығармашылық әрекет.</p>	<p>Әуен тыңдау арқылы ұйықтату «Бөбегім ау, бөбегім!» әні Музыка – шығармашылық әрекет .</p>	<p>Ертегі тыңдау арқылы ұйықтату «Үйшік» Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауық тыру шаралары	<p>Балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту; (Музыка – шығармашылық әрекет) Орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау. (Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі) Реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. (Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер.)</p>				
	<p>Жаттығу №15(27.03-31.03.2023)</p>				
Бесін ас	<p>Бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану. Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету Кезекшілердің әрекеті.Математика негіздері –коммуникативтік,танымдық, еңбекәрекеті Тамақтану.Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі– коммуникативтік, танымдықәрекеттер</p>				

	<p>Ас ішуге тұрайық Қолымызды жуайық Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық .</p>				
<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көктемгі ғажайыптар. Геометриялық денелер мен геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттер: баллада геометриялық денелермен таныстыру; геометриялық денелер және геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру. Тәжірибе «Жемістің дәмін сезу» Мақсат-міндеттер: 3-4 баланы шығарып, көздерін байлап, ауыздарына туралған әртүрлі жемістерден саламын, бала қандай жеміс екенін табады. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру, математика негіздері - ойын, танымдық, коммуникативтік әрекеттер.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі ойын-жаттығу "Тілдің дыбыстық мәдениеті: [у] дыбысы. "Тырналар жыры" әңгімесін оқу." Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [у] дыбысымен таныстыру; аналар мерекесі жөнінде мағлұматтарды тиянақтау; жыл құстары, тырналардың тіршілігі жөнінде білім беру; "туған жер", "мекендеу орны" ұғымының адам мен аң-құстарға тән құбылыс екенін түсіндіру. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік, танымдық әрекет Шығармашылық ойын: «Қандай?» Мақсат-міндеттер: сын есімдерді таңдауға, жемістердің сыртқы және дәмдік белгілерін сипаттауға үйренеді. Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастырушығармашылық - ойын, танымдық, коммуникативтік әрекеттер.</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Дос болайық, көбелек" Мақсат-міндеттер: балаларды үлгі бойынша есептеу таяқшаларынан көбелектерді құрастыруға үйрету. Д/ойын: «Қандай жеміс жоқ?» Мақсат-міндеттер: «жемістер» жалпылама сөзін және жемістердің атауын бекітеді. Құрастыру, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу-шығармашылық, ойын-коммуникативтік, әрекеттері.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Құмыраға салынған гүлдер". Мақсат-міндеттер: балалардың вазадағы гүлдер композициясын салу техникасына үйрету; гүлдердің бастарын қылқалам алқылы жақпалап салу, вазаны жарты шеңбер тәрізді етіп, қағаз бетінде бейнелердің үйлесімдігін сақтауға талпындырту. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру-шығармашылық, коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері.</p>	<p>Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Аққуды мүсіндейміз". Мақсат-міндеттер: балаларды ермексаздан кесек үзіп, домалату, есу арқылы аққуды мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу, сурет салу, жапсыру, құрастыру – шығармашылық, коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері.</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Жаңылтпаштар жаттау. Үміт түбіт түтті, Түбіті түтіп бітті.</p> <p>Оюға ою өрнектеп, Үйрет өстіп қолды ептеп.</p> <p>Құлық таудан, Құлық бие көрдім. Қуанғаным — құлындапты. Құлық таудың қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. <i>(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> (Ахмед, Жанель)</p>	<p>Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу. Мақсат-міндеттер: ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалыптастыру. Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін, көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту. Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, көрсету, ойын, саусақ жаттығулары, салыстыру. Қажетті құралдар: үш түрлі-қызыл, көк, ақ түсті моншақтар, үш түрлі түсте боялған үш түрлі макарон өнімдері, жіптер, қапшықтар, сандықша, қуыршақ. Барысы: балалар жартылай шеңберге отырады. <i>(Математика негіздері – танымдық әрекет).</i> (Алан, Жасмин)</p>	<p>Мақал-мәтелдер жаттау. Ананың сүті – бал, Баланың тілі – бал.</p> <p>Әдепті бала – арлы бала, Әдепсіз бала – сорлы бала. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені.</p> <p>Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. <i>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекет).</i> (Медина, С.Сұлтан)</p>	<p>«Құстар келді» тақпағын жаттау. Биікке, биікке Қар су болып жөнелді, Қалды дала жалаңаш. Күн нұрына кенелді, Бүршік атып бар ағаш. Келіп көктем құстары Бау-бақшада ән салды. Оларды жас достары Ұя жасап қарсы алды. <i>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекет).</i> (Арсен, Фариза)</p>	<p>Сюжетті суреттер қарастыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: «Қазақ халқы» тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру.</p> <p><i>(Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет-коммуникативтік әрекет).</i></p> <p>(Арлан, Шамиль)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет) 				

	<p>Мақсаты : дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. Киіну: Серуенге шығу, материалдарын таңдайды; серуенде өздігінен нұсқау бойынша әрекет жасайды . Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі– коммуникативтік, танымдық әрекеттер, өзіне-өзі қызмет көрсету.</p>				
Серуен	<p>Тақпақ: Әнші Біз-әншіміз, бишіміз, Бала емеспіз жалыққан. Біз-талапты күйшіміз, Өнерпазбыз халықтан Ш.Мухамеджанов</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекеттері. Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:балаларды жылдамдыққа мықтылыққа баулу. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл ойын. Еркін ойын</p>	<p>Әңгіме: «Төрт түліктің төрелігі» Жәди Шәкен</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекеттері. Қимылды ойын «Паравоз». Мақсаты:балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, қлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл ойын. Еркін ойын</p>	<p>Тақпақ: Әнші Біз-әншіміз, бишіміз, Бала емеспіз жалыққан. Біз-талапты күйшіміз, Өнерпазбыз халықтан Ш.Мухамеджанов</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,көркем әдебиет – коммуникативтік әрекеттері. Қимылды ойын «Айгөлек-ау, айголек». Мақсаты:балаларды жылдамдыққа мықтылыққа баулу. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл ойын. Балтаның мүсінің жасау. Еркін ойын</p>	<p>Әңгіме: «Аю мен тышқан» Қ.Исаев</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекеттері. Қимылды ойын «Ирек жолмен журу,жүру».. Мақсаты:балаларды жылдамдыққа мықтылыққа баулу. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл ойын. Еркін ойын</p>	<p>Тақпақ: Әнші Біз-әншіміз, бишіміз, Бала емеспіз жалыққан. Біз-талапты күйшіміз, Өнерпазбыз халықтан Ш.Мухамеджанов</p> <p>Сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,көркем әдебиет – коммуникативтік әрекеттері. Қимылды ойын «Ұшты-ұшты». Мақсаты:ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл ойын. Еркін ойын</p>
Балалардың үйіне қайтуы	<p>Ата-аналарға тапсырма:Ауа райына байланысты балаларды киіндіру.</p>	<p>«Отбасылық салт-дәстүр» атты тақырыпта әңгімелесу.</p>	<p>Ата-аналарға тапсырма: Ауа райына байланысты балаларды киіндіру.</p>	<p>Ата-аналарға кеңес: «Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы».</p>	<p>«Абайла! Төбедегі мұз».</p>

Әдіскер: _____ А. Серикпаева
Тәрбиеші: К. Турсумбаева